

Келісілді:

«Ақмола облысы мәдениет  
басқармасы» басшысы



Бекітілді:

«Көкшетау» МС  
МККК директоры  
А.Н. Курманова



Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына,  
Тәттімбет Қазанғапұлының 210 жылдығына арналған  
«Жас батыр – 2025» облыстық байқауының  
**ЕРЕЖЕСІ**

«Көкшетау» мәдениет сарайының ұйымдастыруымен, **Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына, Тәттімбет Қазанғапұлының 210 жылдығына** орай қазақ халқының мәдениетін, салт-дәстүрін, тілін, тарихын қадірлайтін «Жас батыр – 2025» атты ер балалар байқауы өткізіледі.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазакстан халқын Жаңа 2025 жылмен құттықтаудың «Ұлы Абайдың 180 жылдық мерейтойын лайыкты атап отуіміз керек», - деді. Абай Құнанбайұлы мен Тәттімбет Қазанғапұлы – қазақ халқының мәдениеті мен руханиятының алтын дінгектері. Абай Құнанбайұлы – қазақ әдебиеті мен философиясының кеменгері, ағартушы және реформатор. Оның өлеңдері, қара сөздері мен философиялық ойлары ұлттық мәдениетіндегі тереңдігін танытып, халқымызды білім мен ғылымға шақырды. Абайдың шығармалары әділет, адамгершілік және ұлттық сана-сезімді дамытуға бағытталған. Орыс және европа мәдениетімен жақындасу арқылы қазақ мәдениетін жаңартуды қөздең реформатор Абай – қазақтың гана емес, адамзаттың ақыны.

Тәттімбет – өзінің шертпе күй дәстүрін қалыптастырудан дарынды қүшші-композитор. Оның күйлері өмірді терең түсінген, ойшыл, киялшыл жанның сыры мен сезімін аңғартады, ұлттық болмыс пен даланың рухын бейнелейді. Тәттімбеттің шығармалары қазақ өнерінің асыл мұрасы ретінде бүтінгі күнге дейін мәнін жоғалтқан жоқ.

Абаймен Тәттімбет – қазақ халқының дәстүрі мен өнерін ұрпаққа аманат еткен ұлы тұлғалар. Олардың шығармашылығы – жас ұрпақты тәрбиелеудің, ұлттық құндылықтарды насихаттаудың үлгісі. Бұл байқау арқылы ұлы мұраны құрметтеп, жас буынға жеткізу – біздің парызымыз.

### БАЙҚАУДЫҢ МАҚСАТЫ:

- Ұлттық құндылықтарды насихаттау: Абай мен Тәттімбеттің рухани және мәдени мұрасын дәріптеу арқылы жас ұрпақтың бойында ұлттық сана мен патриоттық сезімді қалыптастыру.
- Өнер мен білімге баулу: Қатысушылардың шығармашылық кабілеттерін арттырып, өнерге, әдебиестке және ұлттық мұраларға деген кызығушылықтарын ояту.
- Ұрпақтар сабактастығын қамтамасыз ету: Ұлы тұлғалардың шығармашылығы арқылы дәстүр сабактастығын сактау және ұлттық мәдениетке деген құрметті нығайту.
- Өскелен ұрпақ арасында қазақ тілін насихаттау.

## **БАЙҚАУ ШАРТТАРЫ:**

Байқау екі кезеңиен тұрады:

I -ірктеу кезеңі

II- корытынды кезеңі

Аталмыш байқауга Ақмола облысының орта мектептерінің 5-6 сынып ер балалары қатыса алады.

## **БАЙҚАУ КЕЗЕҢДЕРІ:**

1. «*Таныстырысам өзімді...*» -танистыру (1-1,5 минут).
2. «*Дала даңаларының ізімен*» - театрланырылған көрініс (*Абай Құнанбайұлы немесе Тәттімбет Қазанғапұлының шығармаларынан/өмірлерінен үзінді*) - (3-4 минут)
3. «*Өнер мен ойдың орнегі*» - өнер көрсету (*ән, би, күй және т.б.*) (3 минут).

## **БАЙҚАУДЫҢ КРИТЕРИЯЛАРЫ ЖӘНЕ ЖЕҢІМПАЗДАРДЫ МАРАПАТТАУ:**

- *Тақырыптық мазмұн;*
- *Сахналық киімі, сахна мәдениеті;*
- *Актерлік, әртістік қабілеті;*
- *Орындау шеберлігі;*
- *Өзін –өзі сахнада үстауды;*
- *Сахналық образының болуы;*
- *Сөйлеу мәдениеті.*

Казылар алқасы қатысушыларға байқаудың корытындысы бойынша жүлделі орындар тағайындалап, дипломдар мен сыйлықтар табыс етеді.

Казылар алқасының шешімі соңғы болады және қайта қарастырылмайды.

## **БАЙҚАУҒА ҚАТЫСУШЫЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ:**

1. Байқау өтінімдері 2025 жылғы 12-ші ақпанға дейін қабылданады.
2. Іріктеу кезеңі – үміткерлер 2025 жылғы 17-ші ақпанға дейін толық бағдарлама бойынша бейнеказбаларды жіберулері тиіс.
3. Іріктеуден өткен үміткерлер үшін байқау «Көкшетау» мәдениет сарайының үлкен залында 2025 жылдың 28-ші ақпан күні сағат 15-00-де отеді.
4. Қатысушылар үйымдастыру алқасына өтінім парагы мен міндетті түрде шығармашылық мінездемесін қоса беруі тиіс;

**Отінім**

Қатысушының аты-жөні, байланыс телефоны	Тұған жылы, айы, күні	Аудан атауы, оқу орны, мектеп, сыйнып	Байқауда орындалатын бағдарлама	Жетекшісінің аты-жөні, байланыс телефоны

Байқауга катысамын деушілер өз мәліметтерін «Көкшетау» мәдениет сарайының [dyorec123@mail.ru](mailto:dyorec123@mail.ru) электрондық поштасына жіберуі тиіс.

Мекен-жайымыз: **Көкшетау қаласы, Ақан сері көшесі, 90**  
**«Көкшетау» мәдениет сарайы**

Анықтама телефондары: +7 (7162) 52-37-36

Ресми сайт: <https://dkk.kz/>

Instagram – [@kokshetaumadenietsaray\\_aqmola](https://www.instagram.com/@kokshetaumadenietsaray_aqmola)

Facebook – Дворец Культуры "Кокшетау"